



*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті*



ТОМ 1

*«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 22» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
27 сәуір*

*МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 22»
27 апреля*

*MATERIALS
of International practical science conference
«SHOQAN OQULARY – 22»
27 st of April*

Көкшетау, 2018



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**Ш.УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**



**«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 22» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
27 сәуір**

**МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 22»
27 апреля**

**MATERIALS
of International practical science conference
«SHOQAN OQULARY – 22»
27 st of April**

Том 1

Көкшетау - 2018

УДК 001.83

Ш 17

«Шоқан оқулары - 22» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. Қазақстан, Көкшетау, 2018. Т.1. – 231 б.

Ш 17

«Уалихановские чтения – 22». Сборник материалов международной научно-практической конференции. Казахстан, Кокшетау, 2018. Т.1. – 231 с.

Materials of International practical science conference "Shoqan Oqulary - 22".
Kazakhstan. Kokshetau. T.1. – 231 p.

ISBN 978-601-261-370-4

Бұл басылымға 2018 жылдың 27 сәуір күні өткен «ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 22» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енген. Жинақ ғылыми қызметкерлерге, ЖОО оқытушыларына, PhD докторанттарға, магистранттарға арналған әр түрлі ғылым салаларындағы өзекті мәселелерді қамтиды.

В настоящее издание вошли материалы традиционной международной научно-практической конференции «ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 22», проходившей 27 апреля 2018 года. Они отражают проблемы различных отраслей науки, рассчитанные на широкий круг работников, преподавателей ВУЗов, PhD докторантов и магистрантов.

УДК 001.83

СЕКЦИЯЛАР:

«ШОҚАНТАНУ»

«ТАРИХ, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ»

«ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ»

«ӨНЕРТАНУ»

СЕКЦИИ:

«УАЛИХАНОВЕДЕНИЕ»

«ИСТОРИЯ, ГЕОГРАФИЯ И ЭТНОЛОГИЯ»

«ФИЛОСОФИЯ, ПОЛИТОЛОГИЯ И СОЦИОЛОГИЯ»

«ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ»

РЕДКОЛЛЕГИЯ:

Әбжаппаров Ә.Ә. – Ш. Уәлиханов атындағы КМУ ректоры, т.ғ.д., профессор

Жарқынбеков Т.Н. – ҒЖ және ХБ проректоры, г.-м.ғ.к., РЖА профессоры

Әбуев Қ.Қ. – т.ғ.д., профессор

Шапауов Ә.Қ. – ғылым және коммерциялау қызметі жетекшісі, ф.ғ.к., профессор

Қақабаев Ә.А. – ХЫ АҰ және КО жетекшісі, доцент

Бексейітова А.Т. – т.ғ.к., доцент

Лузина О.И – Суретшілер Одағының мүшесі

Громова О.В.– БРБ жетекшісі

ISBN 978-601-261-371-1 (1)

ISBN 978-601-261-370-4

© Ш.Уәлиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік университеті, 2018

6. Скриба А.С. Сопряжение ЕАЭС и Экономического пояса Шелкового пути: интересы участников и вызовы реализации // Вестник международных организаций: образование, наука, новая экономика. 2016. Т. 11. № 3. С. 67-81.

Ж. БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТТЫ БІЛІК» ЕҢБЕГІНДЕГІ ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Бижанова М.А., Сүлейменова А.Х.

Алматы қ., Алматы технологиялық университеті
meru190284@mail.ru , Aizhankhamit2015@gmail.com

VIII-XI ғасырларда Орталық Азияда, оның ішінде бүгінгі Қазақстанның территориясында ислам дінінің таралуына байланысты араб тілі мен жазуы кеңінен қолданыла бастады. Ірі қалаларда білім беру ісі мен ғылым дамыды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда исламның тамыр жаюынан ерте түркі сына жазуы ығысып, араб әліпбиі негізінде жаңа түркі жазуы қалыптасты. XI-XII ғасырларда ислам дінін мемлекеттік дін етіп жариялаған бір орталыққа бағынған Қарахан мемлекетінің күшеюімен рухани мәдениет те құлашын кеңге сермеді. Бүкіл Шығыста, дәлірек айтқанда, Таяу Шығыс пен Алдыңғы Азияда, Үнді мен Иран жерінде және Орталық Азияда VIII- XII ғасырларда әдебиет пен ғылымның мәдениет пен өнердің, философиялық ой-пікірдің дамуына тікелей әсер еткен ақыл-ой төңкерісі болды. Ислам дінінің адамзатқа түсірілуі негізінде орын алған Мұсылман Ренессансы деп аталатын дәуірде өмір сүрген Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани және тағы басқа ғұламалардың шығармалары мен еңбектері кеңінен таралып, замананың рухани дамуына өздерінің зор ықпалдарын тигізді.

Ж. Баласағұн 1015 (1016) жж. қазіргі Шу өзені бойындағы Баласағұн, кейде Құз орда деп аталатын қалада атақты түрік әкімінің отбасында дүниеге келді. Түрік білімімен қатар парсы-тәжік және соғды бастауларын қамтыған терең білім алды. Жетісу қашаннан көшпенді, әрі отырықшы, түрік және соғды, сондай-ақ басқа да мәдениеттердің тарихи біте қайнасқан орны болған ды. Сол себептен де ол көптеген ғалымдардың, саясатшылардың, ел билеушілері мен әскери басшылардың көпестер мен қолөнершілердің дүниеге келген отаны болды [1:342].

Ж. Баласағұн өз еңбегін түркі династиясының аса гүлденген кезеңі - Қараханидтер дәуірінде жазды. Ислам діні біріктіруші арна ретінде қалыптасып, әскери және мәдени экспансия қуатты қағанат құруға мүмкіндік берді. Көшпенділер мен егіншілердің шаруашылық байланысы нығайып, қалалар жедел өсті. Мұның себебі – Қараханид билігі кезеңі – олардың кең байтақ империясында елеулі экономикалық, әлеуметтік, мәдени алға басушылық болды. Қолөнер, әдебиет пен мәдениет бұрын болып көрмеген дәрежеде өркендеді.

XI ғасырдағы әдеби-философиялық шығармалардың ішіндегі ең көрнектісі, әлемдік әдебиеттің алтын қорынан орын алған Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» («Қалай бақытты болу жайындағы ғылым») поэмасы. Қарахан мемлекетінің астанасы Баласағұн қаласында 1015 жылы дүниеге келген Жүсіп сол кездегі мемлекет басшысы атақты Сатұқ Боғраханнның сарайында хас-хаджиб – мемлекеттік кеңесші лауазымын атқарған. Бүкіл Шығыс елдеріне данышпан, ойшыл, философ, ақын, ғылым және қоғам қайраткері ретінде белгілі болған, ол математика, философия, астрономия, тарих, тіл және басқа да ғылым салаларында шығармалар жазған. Түркі тілінде 1069 жылы жазылған «Құтты білік» поэмасы ғұламаны бүкіл әлемге танымал етті. Энциклопедиялық еңбек болып саналатын бұл дастанда саясат, мемлекетті басқару әдістері, қоғамдық-саяси мәні бар нұсқаулар мен ережелермен қатар, билеушілердің әдеп ережелері, адамдар арасындағы түрлі деңгейдегі қатынастар мәселелері, сондай-ақ, әділеттілік, ізгілік, парасаттылық, қанағат, ақыл, сана, білім мен ғылым сынды категориялар жан-жақты қарастырылады.

Бұл шығармада Фарабидің кемел адам тұжырымын Баласағұнның кісілік қағидасы алмастырып тұрғандай. Кісілік ұғымы мағынасы жағынан ортағасырлық мұсылман философиясындағы араб тіліндегі адамның жаратылысына, табиғатына тән қасиеттерді білдіретін «инсанийа» терминіне жақын. Сондай-ақ адам болмысын аңғартатын «humanitas» сөзімен де ортақ тұстары бар. Дегенмен түбірін түркілік дәстүрден алатын кісілік ұғымы кең де ауқымды түсінік. Кісілік адамның адами табиғатының шырқау биігі. Баласағұнның «Құтты білігі» - кісілік ұғымының бар қырлары мен сырларын ашуға арналған еңбек. «Құтты біліктің» басты желісі ортағасырлық мұсылман философиясына да, дәстүрлі түркі дүниетанымына да тән ақыл мен білім, парасат пен әділет, еркіндік пен бақыт түсініктері.

Егер «Құтты білікті» этикалық тұрғыдан қарастырсақ оның пәндік сұхбаттан айырмашылығы – мұнда қызмет етуші адамның қиналысы мен адамгершілігінен және парасаттылығынан бастау алатын ар-ождан басты нәрсе болып табылады. Этиканың онтологиядан және метафизикадан айырмашылығының өзі адамның қайғы-қасіретке тап болған жан дүниесіне бойлауында жатыр. Баласағұн сондықтан да көбінесе кедейліктік, қайғы-қасіреттік тауқыметін тартқан адамдардың жан айғайын тақырыпқа арқау еткен. Сондықтан да гносеология мен ғылымдағы орталық ұғым ретіндегі ақиқаттың орнын этикада қасірет иеленген.

«Құтты біліктің» басты төрт кейіпкері – Елбасы Күнтолды (Әділет), Уәзір Айтолды (Бақыт), Уәзірдің баласы Өгдүлміш (Ақыл) және Уәзірдің інісі Оғдұрмыш (Игілік) ұлықтық пен кішілік ізеттерін ұстай отырып, диалектикалық талас-тартысқа бармаса да Сократтың диалогиялық әдісімен Платон, Аристотель, Фараби көтерген әлеуметтік-философиялық мәселелерге жанаша түркілік түсініктерге сай жауап іздейді. Кейіпкерлердің әрқайсысына тән қасиеттерді жеке-жеке сипаттаған автор олар бір-бірінен тәуелсіз өмір сүргенде адамды бақытқа жетелей алмайды деген қорытынды жасайды. Төртеуі бірлік пен ынтымақта болғанда ғана адамдар бақытты өмір сүре алады.

Билеушінің бақыты халықпен бірге, халықтың бақыты билеушінің басты мұраты болуы тиіс. Бақыт жекелеген адамдарға ғана тән ұғым емес. Ол көпшілік сипатқа ие болатын мәдени-әлеуметтік, этикалық-эстетикалық құбылыс.

Билеушілер мен әкімдер халық мүддесімен санасып билік еткенде ғана елге ұнамды болады. «Патша жоғарылаған сайын жүгі де ауырлайды», «Мал, дүние молайса, бек те болар, хан да болар, бар байлықтан айрылса, жалғыз қалып сандалар», «Жақсы тәртіп орнат – сонда сыйлайды, опасыз халық бір уысқа сыймайды» [2:114]. Билік - мансап үшін берілген сыбаға емес. Билік жоғарылаған сайын жауапкершілік те күшейеді. Ең ауыр жүк – халық алдындағы жауапкершілікте. Билеушінің сыйлы болуы оның орнықтырған тәртібіне байланысты болмақ. Қандай да бір қоғам немесе басқару түрі болмасын елдегі тыныштық пен бейбіт өмір жоғары билеуші орнатқан тәртіпке келіп тіреледі.

Ел билеу тек жақсы заңдар мен ережелерден ғана тұрмайды. Жүгенсіз кеткендер мен бұзақыларға күш қолданбаса, мемлекеттік тыныштығы мен бақыты, тұтастығы мен қауіпсіздігі сақталмайды. Билеуші әділдіктен, заңнан аттамаса ғана қоғамда сый-құрметке ие бола алады. Саясат, Баласағұнның айтуынша, мемлекетті басқарудың сан қилы әдістерін игеру, алуан мінезді қоғамды уыстан шығармау, тентекті тыйып, әлсізді қорғау, қажетті жағдайда күш те қолдана білу. «Саясатпен жұртын, заңын түзетер, саясатпен елін-жерін күзетер. Бұл саясат бек қақпасын зерлейді, саясатпен бектер елін жөндейді. Ел былығы саясатпен арылар, алаяқтар есебінен жаңылар» [2:125]. Икемді де, ойлы саясат мемлекеттің гүлденуі мен халықтың мүддесіне қызмет ете алады.

Мемлекетті басқару әдістері мен билеушінің қасиеттері туралы ақыл-кеңестерді Қайта өрлеу дәуіріндегі итальяндық ойшыл Николло Макиавеллиден бес жүз жыл бұрын айтқан Ж. Баласағұн «саясат - өнер ғана емес, ол – білім мен даналық», - деген қорытынды жасайды. Бірақ оның ел билеу әдісі туралы көзқарасының Макиавеллиден басты айырмашылығы сол Ж. Баласағұн билеушінің қатыгездігі мен алдап-арбауын сөз етпейді. Жалпы бұл жерде исламдық құндылықтардың үлкен ықпалы бары да сөзсіз. Ж. Баласағұн ел билеуде зорлық тәсілге қарағанда (мұның тағы бір мысалын қытайлық заңгерлер мектебінің теориясы мен практикасынан көруге болады), халық жүрегіне жол таба білуді ұсынады. «Қалың елдің қарапайым жүрегі, соны білсең сияпатың жүреді». Баласағұн халықпен үнемі араласу, оның көңіл-күйін назардан қалдырмау, билеуші беделін көтереді деп есептейді. Н. Макиавелли де саяси билікті жүзеге асырудың міндетті ережелерінің бірі қол астындағылардың сеніміне ие болу деп есептеген болатын. Бірақ ол сүйіспеншілік пен қорқытушылықтың біреуін ғана таңдау қажет болғанда, соңғысына басымдылық береді, ал Баласағұн халық жүрегіне жол табуды алдыңғы орынға қояды.

Қазіргі билік басындағылардың да Баласағұн мұраларынан үйренері көп-ақ. «Жай халықсыз болмайды іс те, жайлап сөйлес, жөнсіз билеп-төстеме». «Ел басшысы қадірлі болса, қалғандары да сыйлы болады». Бірақ бұл ережелер

заңды бұзғандар мен мемлекетке опасыздық жасағандарға аяушылық жасау дегенді білдірмесе керек. Мемлекет үшін қажетті жағдай туғанда қанжар күшін де қолдануға тура келеді екен: «Қылыш елді тез бағындырады», «Қылыш ел шауып, халық құрайды, қалам қазына тауып, ел сұрайды», «Кісенді кісі қаша алмас – айдаған жаққа жүреді». Мемлекеттің күші зорлықта болмағанымен, ол мақсатты түрде, мемлекеттің игілігі үшін қолданылса ғана ақтауға жатады. Мемлекет басшысы халықтың бақылауында болуы керек. «Ел патшаны сақтап, құлқын түзетсін, патша елдің жанын, тәнін күзетсін» [2:164].

Жүсіп Баласағұн бақытқа жету үшін әкімдердің ел билеу әдісіне көбірек көңіл бөледі. Поэмадағы «Билеушінің міндеттері» деп аталатын тақырыпта билеушіге арналған нұсқаулар мен ережелер берілген. «Ел билеуге керек мың түмен, сонда ғана ашылады түн-тұман», «Әлем билеу үшін зерде тірек қой, ел билеуге керек – ақыл, жүрек, ой», «Бағынған елді баға біл, баққан елді бұйырма арзан үкімге», «Көп ойнаған әкім елін жеп бітіреді», «Ақымақ әкімнің айналасында жарамсақтар отырады, ақылды әкімнің айналасында ақылды адамдар отырады». «Әділ бектің заңы да жоғары», «Бек тәтті өмірді сүйсе, елдің күні қараңғы», «Істі білгенге тапсыр» [2:256] деген ұлағатты сөздер айтқан Баласағұн барлық басшыларға халыққа қызмет етуді міндет ретінде ұсынады.

Елді билеу үшін әскермен бірге зерде мен парасаттылық, ақыл мен білім және біліктілік қажет. Ол өзінді баққан елдің әділетсіз сот үкіміне ұшырамауын, бағынышты халықты басқаруға да өнер қажет екендігін ұғындырады. Әкім қандай болса, оның айналасындағылар да сондай. Басшының көңілінен шығуға, оған жақсы көрінуге тырысатындар халықтың мүддесін емес, өзінің қарақан басын күйттейтіндер. Мемлекеттің ісі дұрыс жүруі үшін басшылық қызметке іскер адамдарды тартудың тиімділігін ескерген Баласағұн «Ей, бек істі тапсыр көзі қаныққа, жолмен әділ жүрерін де анықта» деген талап та қояды.

Мемлекетті заң арқылы басқару ғана адамдардың теңдігін орнатып, ізгі қарым-қатынастар жасауға жағдай жасайды. Баласағұн шығармасындағы Күнтолды (патша) да заңды құрмет тұтады. Ол туралы шығарма авторы «заң түзелді, дүние тыншып жайланды, әділ заңмен аты аңызға айналды» деп жазады және әділдіктің өлшемі, басшылықтың сүйеніші, мемлекеттің арқауы – әділ заң деп тұжырым жасайды.

Билеуші мен қоғам мүшелері арасындағы қарым-қатынастың реттелуі екі жаққа да байланысты болмақ. Бұл мәселеге айрықша көңіл бөлген Баласағұн халықты қоғамдық өзгерістерге ықпал ете алатын күш деп білді. «Қара халықтың қарны тойса, тілінен ерік кетеді», «Халық тарықса, үкімет жұтайды», «Көш басы қайда барса, соңы да сонда барады», «Халық бүлінсе, саясат оны түзейді», «Әкімнің ақысы болса, қараның қақысы бар», «Уәзір жауыз болса, ел мен халық бұзылар». Халықтың ашуы ханды да тақтан ұшырады.

Халықтың құқы мемлекет заңымен және тәртібімен қорғалса ғана әділетсіздік болмайды. Үкіметтің міндеті халықты қайыршылық күйге жеткізбеу. Ал мұндай жағдайды болдырмау үшін жеке адамның да, әлеуметтік

топтың да мүдделері мен мінез-құлқын әрдайым зерттеп, қадағалап отыру қажет. Бұқара халықпен үнемі араласу, олардың тұрмыс жағдайын, мұң-мұқтажы мен өтініштерін ескеру билеушілердің назарынан тыс қалмауы тиіс. Әр топтың мүддесі де, қарекеті де әртүрлі, сондықтан да олардың әрқайсысымен сөз табысып, ортақ келісімге келу билеуші қасиеттерінің бірі.

Жүсіп Баласағұн аталмыш шығармасында:

«Диқанның наны – адал,

Сен диқанмен қатынасып, аралас,

Сонда болар тәтті тағам, адал ас», - десе, қолөнершілер мен саудагерлердің кәсібінің қиыншылығы мен ерекшелігін айта келіп, олармен де қалай тіл табысуы керектігі жөнінде ақыл-кеңестер береді:

«Қолөнершілер қолдарында түрлі өнер,

Қол өнерін пайдаланып күн көрер.

Бұлар да бір ең қажетті кісілер,

Жақын жүргін, көп-көп пайда түсірер.

Керуеншілерде күллі әлемнің аңсары,

Кіл асыл зат қызықтырған баршаны.

Кезбесе олар жиһанды, ұлы-кішікті.

Киер ме едің қара сусар ішікті.

Жақсы атыңды шықсын десе, сайлы бол

Мүсәпір мен керуенге жайлы бол» [2:312].

Диқандар адал еңбегімен, мандай терімен мемлекеттің қазынасын молайтады, басқаларды да асырайды, қолөнершілер сұлулықты жасайды, ал саудагерлер керек-жарағыңның бәрін тауып береді. Жақсы адам деген атыңды шығарғың келсе, жол үстіндегі керуеншілер мен мүсәпір-қонақтарды күтіп, қонақжайлылық таныт дейді. Жоғарыда аты аталған кәсіп иелерінің адал еңбегі қандай құрметке болса да лайық.

«Баққан елді бұйырма арзан үкімге,

Ас-суын бер, киімін де бүтінде.

Салмағың сал есепке, алып күшін де,

Құдай сенен сұрар солар үшін де,

Бейнет беріп қинама сен оларды,

Содан құдай саған дұшпан боларды,

Сен басынба, бәрі құлы Алланың,

Өйтсең өзің тозақ тілеп алғаның» [2: 314].

Патша, уәзір, әскер басшы, қазы, хатшы, қазынашы, ғалым, қолөнерші, малшы, жұлдызшы, дәрігер және тағы басқалардың жағымды және жағымсыз қасиеттеріне сипаттама берген Жүсіп Баласағұн мемлекетте тұрақтылық пен үйлесімділік, молшылық пен бақыт, әділдік пен заңдылық үстемдік құруы үшін олардың әрқайсысының не істеу керектігін және неден тартынуы жөнінде кеңестер береді. Тәлім-тәрбиелік маңызы бар бұл шығарма сол дәуір үшін идеологиялық құжат қызметін де атқарды. Оның мақалға айналған көптеген қағидалары мен сөздері бүгінгі күнге дейін мәнін жойған жоқ.

Қастеев, С.Айтбаев, Ш. Сариев және т.б көптеген суретшілерді атауға болар еді.

Өнер замана бейнесін бар қарама-қарсылығымен бейнелеуге бейім. Бұл жерде портрет жанры да маңызды орын алады. Өнердің өзіне тән функциясы – эстетика. Эстетикалық сезім – адамның барлық іс-әрекетімен, қажыр-қайратының, қабілетінің қайнар көзі. Ал, оның мақсаты – адам тәрбиелеу, яғни, адамды ақылы мен сезім-талғамы жағынан, идеалын, адамгершілік болмысын, сыртқы тұрпатын қалыптастыру.

Осылайша, портрет те жан-жақты қалыптасқан адам үшін, оның ішкі жан сарайы үшін күрес жүргізеді. Демек, өнер мұраты (идеал) – адам қалыптастыру. Ұлы суретшілер бұл мұратқа шындық арқылы жетеді. Сондықтан, оның шығармалары тәрбиелік күш-қуатқа толы болады. Бұл портреттер бір ұрпаққа ғана танымал болып қоймайды көптеген ұрпақтарға да өз әсерін тигізе берді. Өнердің құдіретті күші, тіпті, жер бетін мекендейтін барлық халықты аудармашысыз өзара түсінісуге қызмет етеді.

Әдебиеттер:

1. Всеобщая история искусства. Под.ред. М.В Алпатова в 10 томах,-М.,-Л.,1949-1965 гг.

2. Байжігітов Б.Қ. Студенттердің рухани мәдениетін жетілдіруде көркемдік түйсінудің ролі. Алматы,1996.

3.Цырлин И. Жанры изобразительного искусства. М,: Советский художник,1962.

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Әбжаппаров Ә.Ә. – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, Халықаралық Жоғары мектеп және Ұлттық Инженерлік академиясының академигі, профессор	3
---	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Ахмет Йылмаз (Конья, Түркия). Түрік-ислам әдебиетінде «мусаммат, касиде» мысалы ретінде Мустақимзаде ақынның өлең шумақтары	4
Абуев К.К. (Кокшетау, Қазақстан). Чокан Валиханов о духовной модернизации казахского общества и современность	7
Барановская Н.В. (Томск, Россия). Значение концентрационной функции живого в фиксации радиоактивных элементов в условиях техногенеза биосферы	11
Буканова Р.Г. (Уфа, Россия). Нормативно-правовое регулирование деятельности библиотек субъектов Российской Федерации в 1990 – начале 2000 гг. (на примере Республики Башкортостан)	15
Маликов Т.С. (Кокшетау, Қазақстан). О проблеме демаркации науки и ненауки	19

«ШОҚАНТАНУ» секциясы Секция «УАЛИХАНОВЕДЕНИЕ»

Бекишев К.О., Ахметова Г.Б. (Кокшетау, Қазақстан). Весомый вклад Ч. Валиханова в историографию мировой и отечественной истории	25
Бекишев К.О., Ахметова Г.Б. (Кокшетау, Қазақстан). Демократические взгляды Ш. Уалиханова	29
Урашев С.А., Кушпаева А.Б. (Алматы, Кокшетау, Қазақстан). Низшая сельскохозяйственная школа города Акмолинска в конце 80-х гг. XIX – начале XX вв. (по данным архивных источников)	35

«ТАРИХ, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ» секциясы Секция «ИСТОРИЯ, ГЕОГРАФИЯ И ЭТНОЛОГИЯ»

Абдрахманова С.А., Жапарова К.Г. (Көкшетау, Қазақстан). Педагогикалық технологияландыру – ұстаздық біліктілікті арттыру негізі	42
Абуев Қ.Қ., Киккаринов Е. Б. (Көкшетау, Қазақстан). Тәуелсіздіктің алғашқы 10 жылдығындағы Қазақстан мәдениетінің дамуы	45
Азанова Г.К. (Кокшетау, Қазақстан). Системно-деятельностный подход в преподавании географии	50
Алдашев Р.Б., Жаркинбеков Т.Н. (Көкшетау, Қазақстан). Щучье-Бурабай курорттық зонасында экотуризмнің дамуы	53
Базаров К.Т. (Кокшетау, Қазақстан). Казахская национальная интеллигенция в становлении государственного устройства в России после октябрьской революции XX века	56
Базаров Қ. Т., Алхабекова М. (Көкшетау, Қазақстан). XX ғасырдың 20-30 жж. екінші жартысындағы қазақстандағы әкімшілік-территориалдық өзгертулер	62
Бекимова А.Б., Курманбаева А.С. (Көкшетау, Қазақстан). Гидрология пәнін оқытуда қолданылатын интерактивті әдістер	65

Бексеитова А. Т., Даирова М.К. (Көкшетау, Қазақстан). 1822 жылғы орта жүздегі реформаның кейбір мәселелері	68
Елеу Р.А., Жаркынбеков Т.Н. (Көкшетау, Қазақстан). Щучье-Бурабай курорттық зонасының геоэкологиялық сипаттамасы	74
Жанайдарова Г.И., Титова М.А. (Кокшетау, Казахстан). Современные образовательные методы и технологии в преподавании географии	77
Жапарова К.Г., Абдрахманова С.А. (Кокшетау, Казахстан). Внедрение новых подходов и нетрадиционных форм обучения в системе преподавания истории в школе	81
Идрисов Р.А. (Көкшетау, Қазақстан). Смағұл Сәдуақасұлы тұлғасын зерттеудің өзектілігі	85
Ихсанова А.Б. (Орал, Қазақстан). Батыс Қазақстан интеллигенциясының ірі өкілі – Исатай Кенжалиев	89
Қабдуали С. М. (Көкшетау, Қазақстан). Халел Досмұхамедұлының әдеби мұрасы	94
Каженова Г. Т. (Кокшетау, Казахстан). Образование земства в Атбасарском уезде (1917 – 1919 гг.)	98
Кульбаева Ж.Ж., Хусаинова Р.К. (Көкшетау, Қазақстан). Азық-түлік қауіпсіздігі – ғаламдық мәселе	103
Кусаинова М.К., Ташметов К.К. (Көкшетау, Қазақстан). Қазақстанның еңбек потенциалының әлеуметтік-экономикалық жағдайы	108
Мананова А.К., Баязитова З.Е. (Көкшетау, Қазақстан). «Геодемография және геоурбанистика негіздері» пәні бойынша «География» бакалавры мамандығының студенттеріне арналған электрондық оқулық жасау қажеттілігі	110
Нурсейт Н.А. (Алматы, Казахстан). Новый взгляд на историю независимости	113
Омарғалиев Р.А., Берсимбай Р.И., Какабаев А.А. (Көкшетау, Қазақстан). Атмосферадағы радиациядан туындайтын онкологиялық аурулар	119
Рамазанов Б.А., Ержанова Г.Е. (Көкшетау, Қазақстан). Ақмола облысының табиғи-ресурстық потенциалы	123
Сыздыкова А.Ш., Фахруденова И.Б. (Кокшетау, Казахстан). Использование контента электронного учебного пособия «Водные ресурсы Казахстана»	126
Тофан Д.Д., Фахруденова И.Б. (Кокшетау, Казахстан). Дыхание земли	130
Төлегенов И.М., Жаркинбеков Т.Н. (Көкшетау, Қазақстан). Зерек табиғатты – Зерендім	134
Төлепбергенов Ғ.М. (Көкшетау, Қазақстан). Құдайберлі-Атығай Жапек батыр	136
Утегенов М. З., Игілік Байқоныс (Көкшетау, Қазақстан). Көк түріктің мекені Шығыс Түркістан	142
Хафизова К.Ш. (Кокшетау, Казахстан). Академик Алексеев в Казахстане	146
Хусаинова Р.К., Есеней С.Б. (Көкшетау, Қазақстан). Көкшетау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Лобанов көлінің географиялық-экологиялық жағдайы	153
Шаймуханова Д.С. (Кокшетау, Казахстан). Условия жизни детей в детских домах в годы великой отечественной войны в Казахстане (на примере Акмолинской области)	158
Шапкенов А. А. (Кокшетау, Казахстан). Из истории избрания старших султанов Кокшетауского округа в 20-50-х годах XIX века	162
Шарипов А.А. (Кокшетау, Казахстан). Города в современном мире	168

«ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ» секциясы
Секция «ФИЛОСОФИЯ, ПОЛИТОЛОГИЯ И СОЦИОЛОГИЯ»

Kazhenova A.B. (Budapest, Hungary). The belt and road initiative and its implications for Central Asia	174
---	-----

Бижанова М.А., Сүлейменова А.Х. (Көкшетау, Қазақстан). Ж. Баласағұнның «Құтты білік» еңбегіндегі этикалық мәселелер	178
Кенжеғалиев К.К., Ерохина М.А. (Кокшетау, Қазақстан). О проблеме совершенствования социальной защиты граждан Казахстана	183
Кусаинова Г.Т., Кайникенова Г.К. (Көкшетау, Қазақстан). Қараусыз қалған балаларды оқыту мен тәрбиелеу	186
Мухамеджанова Ж.М. (Көкшетау, Қазақстан). Гуманитарлық пәндерді: саясаттану мен әлеуметтануды оқытудағы заманауи технологиялар	190
Омаров С.А., Яхияев И.А. (Тараз, Қазақстан). Образование как важный фактор модернизации общественного сознания в программной статье Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания»	194
Стукаленко Н.М., Ержанова А.М. (Кокшетау, Қазақстан). О специальных социальных услугах для усиления социальной поддержки граждан	199

«ӨНЕРТАНУ» секциясы
Секция «ИСКУССТВОВЕДЕНИЕ»

Досжан Е. Д. (Көкшетау, Қазақстан). Музыка пәнін қазақ ұлттық аспаптар арқылы үйрету	204
Камбаров К. И., Погнеребко Н. Н. (Кокшетау, Қазақстан). Самостоятельная работа как фактор инновационного подхода к обучению	206
Кусаинова А.Т. (Астана, Қазақстан). Дәулет Мықтыбаевтың шығармашылық мұрасы	209
Лузина О.И. (Кокшетау, Қазақстан). Романтизм и символизм в произведениях современных казахстанских художников	212
Мусаходжаева Р.К., Кусаинова А.Т. (Астана, Қазақстан). XX ғасыр ұлттық музыка мәдениетіндегі Фатима Балғаеваның рөлі	217
Мустафина С. Г. (Көкшетау, Қазақстан). Музыканың зияткерлікке ықпалы	220
Таткенова С. К. (Көкшетау, Қазақстан). Тұлғаны тәрбиелеудегі мұғалімнің рөлі	223
Шүйінішев Ә.Ш. (Көкшетау, Қазақстан). Портрет өнері туралы	225